№68 (10058)
27 тамыз,
сейсенбі
2024 жыл

# Жалағаш жаршысы

*Аудандық қоғамдық-саяси газет*

*Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады*

90 жыл Жалағаш жаршысы

«zhalagash-zharshysy.kz» ақпараттық агенттігі

**Қабылдау**



## Еңбек Еріне құрмет

**Кеше аудан әкімі Ардақ Ибраимов Қазақстанның Еңбек Ері, «Алтын жұлдыз», «Отан» орденінің иегері, «Таң ЛТД» ЖШС төрағасы Имамзада Шағыртаевты қабылдады. Қабылдауда Еңбек Ерінің 55 жас туған күніне орай аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың және аудан әкімінің құттықтауларын табыстады.Салтанатты қабылдауға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов, аудан ардагерлері, «Ер Әлі» ШҚ төрағасы, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Әліби Бекжанов қатысты.**

– Өздеріңіз білесіздер, Таң ауылының бүгінгі келбеті бұрынғыдан көп өзгерген. Имамзада Қуанышбайұлы басқаратын «Таң ЛТД» серіктестігі арқылы Таң ауылын абаттандыру бағытында жалпы құны 2 млрд теңгеден асатын жобалар жүзеге асырылуда. Биыл да ауылдық округте серіктестік арқылы 3 өнеркәсіптік база, 2 пәтерлі 10 тұрғын үйдің құрылыстары, сондай-ақ ішкі көшелерді жарықтандыру, балабақша ғимаратын ағымдағы жөндеу және абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Жыл сайын көркейіп келе жатқан ауылға қарап, алдағы күнге деген халықтың сенімі артып отыр, – деді Ардақ Ибраимов.

Бұған дейін Таңда 14 көше жөндеуден өткен. Ауыз су, аяқсу мәселесі толық шешімін тапқан. «Таң ЛТД» ЖШС-ның қолдауымен 90 млн теңгеге көшелерді түнгі жарықтандыру жұмыстары жасалып, 80 миллион теңгеге «Тағзым» алаңы салынған. Жаңақоныс елді мекеніндегі балалар ойын алаңы ағымдағы жөндеуден өтіп жатыр. Сондай-ақ 200 млн теңгеге спорт кешенінің құрылысы да жүргізілуде. Жалпы ауылдағы жобалардың басым бөлігі Еңбек Ерінің демеушілігімен жүзеге асты десе де болады.

Іскер азамат туған жерінде жалпы құны 300 млн теңгеге 120 орындық «Таң бөбегі» балабақшасын салып берді. Қазіргі таңда онда 21 адам жұмыспен қамтылған. 56 млн теңгеге спорт кешенін ашып, 16 адамның тұрақты жұмыспен қамтылуына қолғабыс етті.

Қабылдауда зиялы қауым өкілдері Еңбек Ерінің жүріп өткен жолы мен үлгілі істеріне тоқталып, алдағы жоспарлына сәттілік тіледі.

**«ЖЖ» ақпарат**

**Үкімет**



## Халық күткен күрежол

**Әрбіріміз елордамыз Астана қаласына сапарлап тойға немесе қыдыруға бірнеше мәрте жол жүрдік. Кейде асығыс жеңіл көлікпен де «Біссіміллә» деп жолға шығып кетеміз. Бірақ Астана қаласына қарай жеңіл көлікпен бағыт алған жолаушылар автожолдың сапасына қапалы. Жол сапасының нашарлығынан жолаушылар діттеген жеріне әбден шаршап жетеді. Әсіресе «Қызылорда – Жезқазған» бағытындағы автожолдың сапасы жолаушыларды әбігерге түсіреді. Кәдімгі асфальт жоқ, көліктер 400 шақырым жолды кедір-бұдыр жермен жүріп өтеді. Халық қанша жылдан бері осы бағыттағы автожолдың жөндеуден өтуін армандап келеді. Қуантарлығы, енді бір-екі жылда аталған автожол сужаңа төселген асфальтімен халық игіліне беріледі. Ол үшін бүгінде қызу жұмыс жүруде.**

Үкімет басшысы Олжас Бектенов Ұлытау облысына жұмыс сапары аясында «Жезқазған – Қызылорда» автожолы құрылысының қарқынымен танысты. Оны қалпына келтіру бірқатар өңірдің дамуына серпін беруі тиіс.

Бүгінде «Жезқазған – Қызылорда» жобасының 208 шақырымы бойынша 4 мердігер ұйым анықталған. Олармен келісім-шартқа қол қойылған. Биыл жол құрылысына жер бөлу, құнарлы топырақ қабатын алу, вахталық қалашықтар салу және карьерлерді рәсімдеу, сондай-ақ жол-құрылыс материалдарын дайындау жоспарлануда.

Биыл Қызылорда аумағындағы 210 шақырымның 140 шақырымы бойынша жол қозғалысы қамтамасыз етіледі. Яғни астыңғы қабатпен жүруге болады. Бірақ толық құрылысы, яғни Қызылорда жағы 2026 жылы аяқталады.

Премьер-Министр «Жезқазған – Қызылорда» автожолының стратегиялық маңызы барын ерекше атап өтті. Бұл еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруға, сол арқылы ел экономикасының дамуына және тұрғындарының тұрмыс деңгейін жақсартуға мүмкіндік береді. Көлік министрлігіне жұмыстың уақытылы аяқталуын қамтамасыз ету үшін мәселені ерекше бақылауға алу тапсырылды.

Сондай-ақ автожолды реконструкциялау кезінде мердігер ұйымдардың Ұлытау облысында тұратын мамандарды, қажетті құзырет пен жоғары беделге ие компанияларды тартуға назар аударылды. Жұмыс барысында отандық құрылыс материалдары пайдаланылуы тиіс. Үкімет басшысы автожолды реконструкциялау жұмыстарын жүргізуде жол қауіпсіздігін сақтау қажеттігіне де ерекше тоқталды.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының 2025 жылға дейін бүкіл республикалық жол желісін нормативтік қалыпқа келтіру жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде Қазақстанда 12 мың шақырым, атап айтқанда, республикалық желі бойынша 8 мың шақырым, жергілікті желі бойынша 4 мың шақырым автожолдың ауқымды құрылысы мен жөндеу жұмыстары басталған. Көлік министрлігінің деректері бойынша, жыл соңына дейін 7 мың шақырымда жұмыстар аяқталады.

**Жандос ЖАЗКЕН**

**Жаңадария – 60 жыл**

## Әнге бөленген ауыл



**Жаңадария ауылында «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасының «АРТ уақыт» жобасы аясында ауылдық клубтың ұйымдастыруымен Жалағаш ауданының 85 жылдығы мен Жаңадария ауылының 60 жылдығына орай «Аспанында ән тербеген Жаңадария» атты облыстық патриоттық ән фестивалы өтті. Аталған фестивальде елді мекен әкімі Рауан Ақпанбетов Жаңадарияға табан тіреген әр ауданның үздіктеріне сәттілік тілеп, ауыл тарихынан сыр шертті.**

– Қазақстанда шөлді-шөлейтті аймақтарды игеру мақсатында мал шаруашылығымен айналысатын көптеген совхоз құрылған. Соның бірі 1964 жылы 27 қаңтарда алғашқы қазығы қағылған Жаңадария совхозы еді. Шалғайда орналасқан жас совхоздың жұмысын жүргізіп, басшылық жасаған азаматтар мен білікті мамандар бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, алғашқы ұйымдастыру жұмыстарын ұйымшылдықпен атқарған. Совхозда құрылыс жұмысы жыл сайын қарқын алып, совхоз орталығында ақшатырлы үйлер салынып, көшелер тартылған. Электр желілері тартылып, жарық самаладай жарқырап, шалғайдағы аймақта жаңа совхоз бой көтерді. Сондай-ақ каналдар қазып, көкөніс, бақша егу, мал жайылымдарын суарып игеру жұмыстары қат-қабат атқарылған, – деді ауыл әкімі.

Иә, өткен ғасырдың сексен-тоқсаныншы жылдары совхоздың шаруашылық-экономикасы өсіп өркендеген. Шаруашылық жұмысын ұтымды ұйымдастырудың нәтижесінде совхоз бойынша төл алу, мал басын аман сақтау, ет, жүн, қаракөл ет тірісін өткізу жөніндегі міндеттемелері асыра орындалған. Мал шаруашылығымен айналысатын Жаңадария совхозы бірнеше бесжылдықтың қорытындысымен жеңімпаз болып, ауданның ауыспалы «Қызыл Туын» жеңіп алған. Шаруашылық бойынша қой саны 48 мың, жылқы 3500, түйе 500, ірі қара саны 360-қа жеткен. Совхоздан «Еңбек Ерлері» шықпаса да, ел сенім артқан халық қалаулылары, аудандық, облыстық кеңес депутаттары, кеуделерінде медаль-орден жарқыраған мамандар мен майталман малшылар баршылық.

Жалпы Жаңадария – аудан орталығынан шалғай демесеңіз, ауыл шаруашылығын дамытуға ең қолайлы елді мекен. Жүзден аса отбасы бар ауылда бүгінде көркейту-көгалдандыру, ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсарту, саяси ахуалды сақтау, әрбір тұрғынның ұсыныс-пікірін орындау мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Жергілікті тұрғындардың басым көпшілігі бақша егумен айналысады. Ауданда да күз мезгілі туғанда «Жаңадарияның қауыны» дегенді жиі естиміз. Өйткені елді мекендердің ішіндегі сапалы әрі уақытылы өнім ұсынатын бірегейі де – осы Жаңадария ауылы. Қауыны, қарбызы, басқа да бақша өнімдері ешқандай артық қоспасыз және дәмі тіл үйіргендіктен, көпшіліктің сұранысынан түспей келеді. Ал ауыл халқы алажаздай бақша өнімдерін күтіп-баптап, қоңыр күзде мол өнімін жинап, өзінен артылғанын ауданға әкеліп сатады.

Айта кетейік, ауылда мәдениет саласы да бір жолға қойылған. Кезінде осы аядай ғана ауылдан қаншама өнер адамы шығып, қарапайым тұрғындары сахна саңлағына айналған. Ауылдың 60 жылдық мерейтойына орай өткен «Аспанында ән тербеген Жаңадария» атты облыстық ән фестивалде Арал, Шиелі, Қармақшы, Қазалы, Жаңақорған, Сырдария мен Жалағаш ауданы және Қызылорда қаласынан келген 8 талантты әнші бір сахнада бас қосты.

Өнер жолында шыңдалып келе жатқан жас дарындарға Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени продюсерлік орталығының көркемдік жетекшісі Руслан Бурабай мен Жаңадария ауылдық клубының басшысы Рүстембек Көшеров қазылық етіп, өнерлерін бағалады.

Облыстық фестиваль 2 кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар патриоттық ән орындау бойынша сынға түсті. Алғашқы сахнаға шыққан Арал ауданынан келген Кішкене Жұмамұрат патриоттық сезім мен рухты оятатын белгілі сазгер Қуат Шілдебаев пен ақын Тұманбай Молдағалиевтің шығармашылығынан туған әнші Батырхан Шөкеновтің орындауындағы «Отан-Ана» әнін шырқап, көпшіліктің көңілінен шықты. 9 жасынан бері ән әлеміне бетбұрған жас әншінің айтуынша, оның бұл әнді орындап жүргеніне 3 жылға жуықтаған.

– Негізі дәстүрлі өнер әншісімін. Қазіргі таңда Алматы қаласындағы «Жүсіпбек Елебеков» атындағы республикалық эстрада-цирк колледжінің дәстүрлі ән бөлімінде оқимын биыл 3 курсқа өтіп жатырмын. Көбіне Сырдың жыр-термелерін орындап, арасында эстрадалық әндерді де шырқап тұрамын, – дейді Кішкене Жұмамұрат.

Ол жас болса да үлкен жетістіктерге қол жеткізіп үлгерген. Осыған дейін «Дарабоз» республикалық байқауынан II орын, «Бозторғай» облыстық байқауынан 2 мәрте III орын иеленген.

Мұнан әрі сахна төріне шыққан өнерпаздар да қоңыр дауысымен жергілікті халыққа патриоттық әндерді паш етіп, қазылар алқасынан оң баға алды. Алғашқы кезеңнен сүрінбей өткен өнерпаздарға екінші кезеңде еркін тақырыпта ән салу міндеттелген.

Фестиваль соңында өнерпаздарға «Талантты әнші», «Жарық жұлдыз», «Талапты әнші», «Үздік патриоттық ән», «Көрермен көзайымы» сынды номинациялар мен сыйлықтар табысталды.

**Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ**

Бәрекелді!




Адам мен адамды теңестіретін – білім болса, адамдықтың тепе-теңдігі болатын алтын таразы мектеп екені хақ. Оқушылардың өмірде өз орнын тауып, бір-бір кірпіш болып қалануы үшін ерен еңбек етіп келе жатқан аудан орталығындағы іргелі оқу орнының бірі – Әбу Насыр Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі. Қолға қалам ұстатып, жазу-сызу мен әріп үйрететін кез келген білім ордасының тамыры тереңнен бастау алатыны сөзсіз. Қазіргі таңда Жеңісбек Райсбекұлы басқаратын білім ордасы алғаш 1988 жылы 1070 оқушыға лайықталып ашылып, 2021 жылы ұлы ғалым, ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби есімімен аталған.

# Миллионер мектеп

Бүгінде отыз жылдан астам тарихы бар мектеп-лицейде 154 ұстаз 1025 оқушыға білім беріп, еліміздің келешегін қалыптастыру жолында тынымсыз еңбек етіп келеді. Солардың ішінде 29 педагог-зерттеуші, 52 педагог-сарапшы, 41 педагог-модератор мәртебесін иеленген ұстаздар бар. Мектеп қазіргі заман талабына сай материалды-техникалық базамен, заманауи кабинеттерімен қамтамасыз етіліп, әр кабинет техникалық құралдар мен компьютерлер, интерактивті тақталармен, сондай-ақ әр пәнді терең үйретуге мүмкіндік беретін оқу бөлмелері қазіргі заман талабына сай жабдықталған. Атап айтар болсақ, химия, физика, биология, информатика, IT – кабинеті бар.

– Біздің басты міндетіміз – білімді, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі» деп ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай, тәрбие мен білім қатар жүрсе ғана жастар бәсекеге қабілетті, жан – жақты болып қалыптасатыны рас. Биыл 69 оқушы мектеп табалдырығынан түлеп ұшып, оның 68-і ҰБТ-ға қатысып, білім грантын ұтып алуға өтініш білдірді. Нәтижесінде 53 түлек жоғары оқу орындарында тегін оқуға мүмкіндік алды. 4 оқушымыз «Алтын белгіге», 7 оқушымыз «Үздік аттестатқа» бітірді, – дейді мектеп директоры Жеңісбек Райсбекұлы.

Айта кетейік, аудан бойынша білім сынағынан ең жоғары баллды жинаған да осы білім ошағының түлектері. Ол әрине білікті ұстаз бен шәкірттің үздіксіз дайындығы мен бірлесе жұмыс жасауының жемісі. Білімнің сара жолы мектеп болса, алғаш есігін ашатын кілті – бастауыш сынып. Ең алғаш әріп танып, санауға, білімге деген құштарлықты оятуда бастауыш сыныптың атқаратын рөлі зор. Себебі бастауыш саты – оқушы өмірінің алғашқы баспалдағы. Білім, дағды, тәрбиенің қалыптасу бастамасы. Келешекте жалпы білім алу мен кез келген арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы осы бастауыш сыныпта қаланады. Айта кетейік, жаңа оқу жылына жоғары дайындық жұмыстарын жүргізіп жатқан білім ордасы жаңа оқу жылында 98 бүлдіршінді мектеп алды даярлық тобына қабылдауға құшағын айқара ашса, 81 оқушы алғашқы бастауыш сыныптың табалдырығын аттамақ.

Аталған мектеп жыл сайын түрлі номинацияларды иеленіп келеді. Мәселен, білім берудегі жаңашыл, шығармашыл, нәтижелі еңбегі, жоғары жетістіктері мен білім саласын дамытуға қосқан үлесі үшін былтыр арнайы «Үздік жаңашыл мектеп» номинациясының иегері атанып, 4 млн теңге қаржылай сыйақымен марапатталған.Бұдан бөлек білім саласын дамытуға және педагог кадрлардың әлеуетін арттыруға қосқан үлесі үшін «Білім бәйтерегі», «Табысты мектеп», «Білімнің биік тұғыры», «Үздік инновациялық мектеп» сынды бірнеше номинацияларды иеленіп келеді. Мектеп оқушыларының пәндік олимпиада, ғылыми жоба сынды білім бәйгелерінде бақтарын сынап, қатысуы жоғары деңгейде.

– 2023-2024 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиданың облыстық кезеңіне біздің мектептен 12 оқушы қатысып, оның 8-і жүлделі II, III орындарды иеленді. Сондай-ақ бірінші рет өткізілген ауыл мектептеріне арналған пәндік олимпиадада 32 оқушымыз облыстық кезеңнен жүлделі орындарды иеленіп, республикалық кезеңге 4 оқушымыз жолдама алған болатын. Оның 2-еуі I орын, 1-еуі II орын, ал бір оқушымыз алғыс хат иеленіп қайтты. Сонымен қатар ғылыми жобалар шығармашылық сайысы бойынша 10 оқушымыз облыстық кезеңде жүлделі орындардан көрінді, – дейді №201 мектеп-лицей директоры.

Осы үздік нәтижелер арқасында аталған білім ошағы 2023-2024 оқу жылында ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада да көрсеткен үздік нәтижелері үшін «Ең үздік ауыл мектебі – 2024» атағын иеленіп, III орынға ие болған. Сондай-ақ республика бойынша үздік 10 мектептің қатарына енген.

Сонымен қатар, өткен апта да облыстың «Орта білім беретін үздік ұйым» облыстық конкурсының жеңімпазы атанып, 34 млн теңгенің сертификатын иеленді.

Иә, ғалым атын иеленген мектептің оқытушылары да, оқушысы да білім бәйгесінде биіктен көрінуі заңдылық. Үлкен жетістікке жету шебер ұстазбен талапшыл басшының, бірлігі мен ынтымағы жарасқан ұжымның арқасы екені хақ.

**Ақтоты БҮРКІТБАЙ**

Білім

# Әкім гранты қорытындыланды

**Жыл сайын білімге құмартып, оқуға ынталы жандарға облыс әкімінің арнайы гранты тағайындалып келеді. Сонау 2013 жылдан бері өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша облыс әкімінің грантын тұрмысы төмен және көпбалалы отбасылардан шыққан білімге құштар мыңнан аса түлек иеленіп келді.**




Биыл да білімге бой ұрған жандарға жақсы мүмкіндік туды. Қанша грант тағайындалды? Қандай мамандықтарға басымдық берілді? Осы сұрақтардың жауабын өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев баяндады.

– Арнайы комиссия шешімдерімен жалпы қосымша бекітілген 47 гранттың 44-і тағайындалды. Атап айтқанда, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне бөлінген 36 гранттың 33-і, Қызылорда «Болашақ» университетіне бөлінген 1 грант, Нұр-Мүбарак Египет Ислам мәдениеті университетіне бөлінген гранттың біреуі, Қарағанды медицина университетіне бөлінген 2 гранттың 2-еуіне, С.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетіне бөлінген 7 гранттың 7-еуі де тағайындалды. Гранттар бойынша археология және этнология мамандығына 4, әлеуметтік жұмыс 2, дизайн 1, журналистика және репортер ісі 1, экология және табиғатты пайдалану 10, дәстүрлі музыка өнері 1, аударма ісі 6, ақпараттық жүйе 2, ақпараттық қауіпсіздік жүйелері 6, көлікті пайдалану және жүк қозғалысымен тасымалдауды ұйымдастыру 1, исламтану мамандығына 1, жалпы медицинаға 9 грант тағайындалды, – деді спикер.

Әлеуметтік санаттарға келсек, грант иегерлерінің 22-сі көпбалалы отбасылардан, 6-ауының ата-анасының біреуі мүгедек, 5-еуі аз қамтылған отбасынан. Ал 7-еуі асыраушысынан айырылған отбасынан, 2-еуі мүгедектігі бар баланы тәрбиелеуші, 2-еуі толық емес отбасынан болып отыр.

Қорытындысымен екінші отырыста белгіленген 47 мамандықтың 44-і игерілді. Барлығы әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал топтарынан білім алуға бөлінген 100 гранттың 69-ы арнайы комиссия шешімдерімен облыс әкімі грантымен жоғарғы оқу орындарында білім алуға қолдау білдірілді.

**«ЖЖ» ақпарат**

Брифинг

# Көкжөтел: аймақта 236 жағдай тіркелген

**Биыл 8 айда ауданда көкжөтел ауруының алғашқы диагнозымен 1 жағдай тіркелген. Аталған дерт 14 жасқа дейінгі балалар арасында анықталып отыр. Науқас бала – егіздің сыңары, оның шала туылуына байланысты көкжөтелге қарсы екпесі салынбаған. Науқастар диагнозын нақтылау мақсатында алынған сынамалардан лабораториялық зерттеу қорытындысында ауру қоздырғышы табылып нақтыланған. Ал былтыр аудан тұрғындарының ешқайсысы бұл дертпен ауырмаған. Бұл туралыауданның бас санитары Гүлзираш Айымбетова БАҚ өкілдерімен өткен брифингте мәлімдеді.**



Спикер көкжетел ауруының қазіргі таңда республиканың барлық аймағында тіркеліп жатқанын жасырмады. Демек, елімізде көкжөтел ауруының эпидемиологиялық ахуалы қолайсыз деген сөз. Соңғы мәліметке сүйенсек, аймақта осыған дейін 236 жағдай тіркелген. Аурушаңдық көрсеткіші облыс бойынша 100 мың халыққа шаққанда 21,5 болса, оның ішінде 184 жағдайы нақтыланған. Ал 50 жағдайы зертханалық жолмен зерттеу барысында ауру қоздырғыштары анықталмаған соң есептен алынған.

Ару тіркелгендер арасында 1 жасқа дейінгі балалар арасында 100 жағдай анықталған. 1 жас пен 5 жас арлығында 80 жағдай белгілі болып отыр. Ал 5-9 жас аралығында 4 жағдай орын алған. Оның ішінде көкжөтелге қарсы 22-сі екпе алған. 143-і қарсылық білдіріпті. Медициналық шегініс бергені – 11, егу жасына жетпегендері – 7.

Гүлзираш Айымбетова көкжөтелден сақтанудың тиімді әрі сенімді жолы осы ауруға қарсы екпе жасату дейді. Қазақстан Республикасының Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес, әрбір дені сау бала өзінің жасына сай, яғни бала өмірінің 2, 3, 4 айларында көкжөтелге қарсы алғашқы егумен қамтылу керек. Одан кейін 18 айында және мектепке алғаш барғанда 6 жасында көкжөтелге қарсы қайталап егу жүргізілуі тиіс. Екпе салдырған балалар арасында көкжөтелмен сырқаттану көрсеткіші өте төмен екенін айта кеткен жөн. Тыныс алу жолдарының инфекциясының белгілері пайда болған жағдайда дәрігерге уақытылы қаралу керек. Науқас адамдармен қарым-қатынаста болмаудың да маңызы жоғары.

– Көкжөтел – ауру қоздырғышы бактерия болып табылатын, ауа арқылы жұғатын, ең алдымен тыныс мүшелерін зақымдайтын әлемде кең таралған жұқпалы аурулардың бірі. Инфекция көзі – көкжөтелмен ауыратын адам. Көкжөтел қоздырғышын тасымалдаушылық аз уақытқа созылады, сондықтан эпидемиологиялық тұрғыдан айналасындағы адамдарға қауіпсіз. Аурудың жасырын, жеңіл түрі кезінде науқастар жан-жағындағы адамдарға ауруды жұқтырғыш келеді. Ауру қоздырғышы қоршаған ортаға науқас адам қатты сөйлегенде, түшкіргенде, жөтелгенде бөлініп, ауа арқылы сау адамға жұғады, – дейді аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Г.Айымбетова.

Айта кетейік, көкжөтелдің клиникалық ағымы тыныс жолдарының таралды қабыну, ұстамалы жөтел, аурудың беті қайту және жазылу сынды 4 кезеңнен тұрады. Бірінші кезең 12-15 күнге созылады. Бұл кезде науқаста дене қызуы 38 градусқа дейін көтеріліп, қалтырау, әлсіздік, бас ауруы, мұрынның бітелуі, жөтел тәрізді белгілер болады. Жөтел бірте-бірте жиілеп, күшейіп, ақырында ұстамалы сипатқа ауысады.

Бұл уақытта аурудың екінші кезеңі басталады. Әдетте ұстама бірнеше жылдам тыныс шығару қимылдарынан басталып, ысқырықты тыныс тартуға ұласады. Содан соң тыныс шығару қайта пайда болып, ол тағы да ұстамалы тыныс тартуға ұласады. Ұстаманың соңы шырышты қақырық бөлумен немесе құсумен аяқталады. Бұндай ұстамалар күніне жеңіл жағдайда 5-8 реттен, ауыр жағдайда 40-50 ретке дейін қайталануы мүмкін. Бұл кезең 2-3 аптаға дейін созылады. Соңғы екі кезеңде ұстамалы жөтел азайып, мүлдем жойылады. Бұл кезеңдер 1-3 аптаға созылады.

Аурудың қауіптілігі сол, науқас адам уақытылы емделмеген жағдайда әртүрлі асқыну жағдайларына, оның ішінде бактериялық пневмония, плеврит, бронхит, отит және синусит тәрізді ауруларға ұласуы мүмкін. Жоғарыда аталған белгілер көп жағдайда ауруға қарсы екпе алмағандар, иммунитеті әлсіз, жиі ауыратын балалар мен үлкендер арасында көп кездеседі. Көкжөтелге қарсы егілген балалар арасында ауру жеңіл өтеді. Аурудан кейін өмір бойына сақталатын иммунитет қалыптасады, яғни көкжөтелмен ауырған адам қайта ауырмайды.

Брифинг соңында БАҚ өкілдерінің бірқатар сауалына жауап берген ауданның бас санитары ата-аналар тарапынан көп жағдайда дертке қарсы екпе салдыруға қарсылық болып жатқанын жасырмады. Бірақ бұл ахуалды одан әрі күрделендірмесе, дерттің алдын алуға кері әсерін тигізеді дейді. Сондықтан әр жерден естіген бейресми ақпараттарға сүйенбей, сала мамандарының кеңесіне құлақ асқан дұрыс сияқты.

– Әлгі дерт жұқтырғандардың тек 22-сі ғана екпе алған. өкінішке орай 140-тан астам адам қарсылық білдірген. Бұл дерттің алдын алудағы біздің шараларымызға кері әсерін тигізеді. Кез келген дерттің алдын алуда, онымен күресуде вакцина маңызды рөл атқарды. Сондықтан оған қатысты ойдағы қарсы түсініктен арылу керек, – дейді спикер.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Кеңес




# Көшпелі семинарлар ұйымдастырылды

**Облыстық қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен Қызылорда қаласы мен аудан орталықтарында мемлекеттік тіл саясаты және ономастика мәселелеріне қатысты көшпелі семинарлар өтті. Он күнге жалғасқан басқосуда басқарма мен оған қарасты Тілдерді оқыту орталығының жауапты қызметкерлері әкімдіктерде «Тіл туралы» заң талаптарының орындалуын зерделеп, көрнекі ақпарат, ономастика мәселелеріне орай әдістемелік көмектер көрсетті.**

Іс-сапар барысында қала, аудан әкімдігіне қарасты бірқатар кент, ауылдық округтердің жұмыстары зерделенді. Зерделеуге қамтылған ауылдық округ әкімдеріне мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жұмыстарына бағыт-бағдар беріліп, әкімдіктердің іс-қағаздарында орын алған кемшіліктерді жою, сауаттылыққа мән беру, есеп-қисап құжаттарында «Тіл туралы» Заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету тапсырылды.

Сонымен қатар көше атауы жазылған аншлагтар зерделеніп, нәтижесімен тиісті әкімдіктерге көше аншлагтарын Республикалық ономастика комиссиясы бекіткен үлгіде QR-код қосымшасымен бірге әзірлеу, көшеге есімі берілген тұлғаларға рұқсатсыз қойылған белгілерді алып тастау қажеттігі ескертілді.

Зерделеу жұмыстарының қорытындысымен қала, аудан орталықтарында аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімдеріне, мамандарына арнайы семинар өткізіліп, онда «Тіл туралы» Заңға және ономастика саласы бойынша басшылыққа алынатын құжаттарға енгізілген өзгерістер түсіндірілді.

Сондай-ақ ауылдық округ мамандары мен тұрғындарының Тіл орталығы арқылы оқыту курстарына қамту мәселесіне көңіл бөлу, мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы «emle.kz», «qujat.kz», «sozdikqor.kz», «termincom.kz», «tilqural.kz», т.б. сайттарының көмегін пайдалану ұсынылып, қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

**«ЖЖ» ақпарат**

Біле жүріңіз

# Денсаулыққа пайдалы тәттілер



**Көбіне адам ағзасын пайдалы тағамдарға үйреткенде және диета ұстанғанда ең алдымен тәттіден бас тартып жатады. Өйткені тәтті өнімдері артық салмақ қосуға, қандағы қанттың мөлшерінің тым жоғарылауына кері әсерін тигізіп жатады. Әсіресе нәзікжандылар артық салмақпен күресуді басты мәселе деп санайды және салмағын ұдайы назарда ұстайды. Мінсіз мүсінге қол жеткізу үшін тәтті өнімдерден түбегейлі бас тартуға да бел буа алады. Бірақ ғалымдар зерттеулері бірнеше шоколадты өнімдердің адам ағзасына пайдалы тұсы бар екенін айтады.**

Мәселен, қара шоколад. Қара шоколадтың сүтті шоколадтан калориясы аздау болса да, құрамында адам денсаулығына пайдалы нәрселер өте көп. Бұл өнімнің құрамында антиоксиданттар, флавоноидтар, дәрумендер, кальций, темір, магний секілді элементтер бар. Ал зефир басқа тәттілерге қарағанда құрамында калорий саны өте аз болса да, бұлшық етті қатайтатын темір, фосфор, ақуыз секілді элементтерге бай.

Адам ағзасына пайдалы саналатын тәттілердің қатарында жеміс қағынан жасалған кәмпит де орын алыпты. Бұл кәмпиттер пішініңізді бұзады деп ойламаңыз. Керісінше олар ағзадағы ауыр тұзды металдарды сыртқа шығарады. Ойлап қарасаңыз, ағзадағы тұздың қажетсіз бөлігінен арылу дененің кей бөлігіне тұз жиналуының алдын алады. Бұл әсіресе бір орында отырып жұмыс жасайтындар және ұзақ уақыт компьютерде отыратындар үшін таптырмас емнің бір түрі деуге болады.

Ал көптеген аурудан айығуға көмектесетін балдың пайдасын айтпаса да білеміз. Балдағы калорий мөлшері қанттағыдай. Алайда ол қантқа қарағанда дәмдірек. Егер бір шынаяқ шайға екі қасық қант салатын болсаңыз, оның орнына 1 қасық бал салуға болады. Балда ағзамызға пайдалы дәрумендер, минералдар, аминқышқылдары бар.

Балдың пайдасы турасында тіпті Қасиетті Қранда да балда шипа бар екендігі айтылған. «Раббың бал арасына былай деп уаһи етті: «Таулардан, ағаштардан және адамдар салған күркелерден өзіңе ұя жаса. Сосын әртүрлі жемістермен қоректеніп, Раббыңның саған жайылуға жеңілдеткен жолымен жүр!». Араның қарнынан түрлі-түсті бал шығардық, онда адамдарға шипа бар. Әлбетте, мұнда ойланған қауым үшін ғибрат жатыр» делінген екен. Балдың құрамы мен қуаты жөнінде сөз қозғағанда тағы да оның тарихына қатысты мағлұматтарды сырт айналып өте алмаймыз. Бұл өнімнің құнарлылығын әйгілі математик-ғалым Пифагор өз естеліктерінде: «Менің ұзақ өмір сүргенім – балдың құдіреті» десе, философ Демокрит те өзінің ұзақ өмір кешуін бал өнімімен байланыстырған екен.

Алуа да құр тәтті ғана емес, ол ағзаңызды жасартуға көмектеседі. Оның құрамындағы А, Е, В дәрумендері теріңізге пайдалы және жүрек-тамыр жүйесін жақсартады. Бұл әсіресе қазіргі кезде адамзатты алаңдатқан жүрек қантамырлары ауруларының алдын алуға көмектеседі. Яғни жоғарыда айтып өткеніміздей, жүректің жұмысын жақсартып, оның ерте жастан ауруға шалдығуының алдын алмақ. Ғалымдардың зерттеулеріне іліккен тағы бір өнім ол – тосап. Бұл да дәрумендер мен минералдардың қайнар көзі. Әсіресе таңқурай, қызыл тал, алхоры және жаңғақ қосылған тосапты ерекше атауға болады.

Сонымен бірге пайдалы өнімдердің ішіндегі жеміс-жидектердің орны бөлек. Жеміс-жидектерде өміріңізді ұзартып, денсаулығыңызды жақсартатын дәрумендер, микроэлементтер, минералды тұздар мен антиоксиданттар көптеп кездеседі. Құрамында органикалық қышқылдар, эфир майы, ақуыз, пектин және жасұнықтар болғасын жемістерді ертеден адам денсаулығына ең пайдалы өнімдердің қатарына жатқызады.

**«ЖЖ» ақпарат**

Жәрмеңке



# Жұмыс іздеп жүрсеңіз...

**Елдегі өзекті мәселелердің бірі – жұмыссыздық деңгейін төмендету. Осы ретте аудандағы «Мансап» орталығының ұйымдастыруымен «Руханият» орталығында жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту мақсатында «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі» өтті.**

2018 жылдан бастап жұмыс берушілерге Электрондық еңбек биржасы арқылы жұмыссыздарды таңдау құқығы берілді. Мәселен, бос жұмыс орындары туралы мәліметтер электронды еңбек биржасы ақпараттық жүйесі арқылы қолжетімді түрде ұсынылады. Ал болжанатын жұмыс орындары туралы мәліметтер «Жұмыс орындарын құрудың интеграциялық картасы» ақпараттық жүйесі арқылы қалыптастырылады.

Жәрмеңкеге пробация есебінде тұрған жұмыссыз азаматтар мен жастар қатысып, жұмысқа орналасу және мемлекеттік қолдау шараларына қатысу бағытында кеңінен ақпарат алды.

– Бүгінгі жәрмеңкеге 32 жұмыс беруші қатысып, жеке кәсіпкерлер мен мемлекеттік мекемелерден 68 бос жұмыс орнына 31 жұмыс іздеушінің 11-і тұрақты жұмысқа, 1-еуі ақылы қоғамдық жұмысқа жолдама алды, яғни 1 жас маман аудандық ауруханаға анезтезолог-дәрігер болып жұмысқа орналасса, 1 маман №38 орта мектепке электрик болып қабылданды. Сондай-ақ «Көктөбе» шаруа қожалығына 3 адам, №13 балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне 1 адам, ЖШС СК и Монтажстройға 2 адам, «Сайлау» ШҚ-ға 2 адам, пробация есебінде тұрған 2 азаматтың бірі кент әкімшілігіне ақылы қоғамдық жұмысқа орналастырылса, екіншісі «Аман» шаруа қожалығына жұмысшы болып орналасуға жолдама алды, – дейді «Мансап» орталығының директоры Ғалымжан Телібаев.

Жәрмеңкеге қатысушылар аталған қызмет ұсынушы мекемелер өкілдеріне түрлі сұрақтарын қойып, қажетті ақпараттар алды. Бұл шара жұмыссыздар мен жұмыс берушілер арасындағы алтын көпір іспетті. Себебі бүгінде бұл шараның жемісін көріп, жұмыс тапқандар көп. Мәселен, жыл басынан бері 8 жәрмеңке өтіп, 462 адам жұмысқа орналасқан.

Шара соңында сала мамандары қатысушыларға жастар тәжірибесінен өту, әлеуметтік жұмыс орындары мен қоғамдық жұмыстарға қатысу, өз кәсібін ашуда мемлекет тарапынан берілетін несие мен аз қамтылған отбасыға берілетін атаулы әлеуметтік көмек туралы кеңес берілді.

**Сезім НҰР**

ЖОБА

## Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі 2024-2028 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрінің «Жергілікті атқарушы органдарға коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымды бекіту туралы» 2023 жылғы 18 мамырдағы №154-ө бұйрығына сәйкес, Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі 2024-2028 жылдарға арналғанбағдарламасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Лауазымы** **Аты - жөні**

## ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ БОЙЫНША КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ 2024-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Жалағаш ауданының коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламасы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі-ҚР ЭК) 365-бабына және жергілікті атқарушы органдардың коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі Бағдарламаны әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарына, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің 18.05.2023 ж. №154-ө бұйрығына сәйкес әзірленді.

Бағдарламаны әзірлеу барысында Жалағаш ауданындағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайына талдау жүргізілді, проблемалар анықталды және экологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін құруға бағытталған шаралар кешені әзірленді.

Жалағаш ауданында коммуналдық қалдықтарды басқару бойынша ағымдағы жағдайды талдау қорытындысы бойынша, халықтың коммуналдық қалдықтарды жинау және әкетумен қамтылмағаны, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету жөніндегі мамандандырылған ұйым және қажетті инфрақұрылым жоқ екендігі анықталды.

Коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру үшін Бағдарламада мақсаттар, міндеттер мен көрсеткіштер белгіленген.

Бағдарламаның мақсаты коммуналдық қалдықтарды жүйелі түрде шығаруды ұйымдастыру және экологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес Жалағаш ауданында қалдықтарды тиімді басқару үшін қажетті инфрақұрылымды құру болып табылады.

**Бағдарламаның міндеттері:**

1.Бөлек жинауды қоса алғанда, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың, кәдеге жаратудың және қайта өңдеудің ұтымды жүйесі туралы халықтың хабардарлығын арттыру, рұқсатсыз коммуналдық қалдықтарды өртеудің алдын-алу туралы ақпараттандыру;

2.Коммуналдық қалдықтарды тұрақты әкетуді ұйымдастыру;

3.Коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды енгізу;

4.Коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату жүйесін дамыту;

5.Полигонды экологиялық тұрғыдан тиімді басқару.

Халықтың қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың, кәдеге жаратудың және қайта өңдеудің ұтымды жүйесі туралы хабардарлығын арттыру, оның ішінде бөлек жинау.

Коммуналдық қалдықтарды басқарудың ұтымды және экологиялық қауіпсіз жүйесін ұйымдастыру үшін халықтың хабардарлығы мен қолдауы өте маңызды.

ТҚҚ жинаудың, кәдеге жаратудың және өңдеудің ұтымды жүйесі туралы халықтың хабардарлығын арттыру ауданның жергілікті атқарушы органының құзыретінде болады. Халықпен жұмыс-ұзақ мерзімді процесс, оны тұрақты негізде жүргізу қажет.

ЖАОақпараттандыру жұмыстарын жүргізу кезінде коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу бойынша, халықпен ақпараттық жұмыс жоспарын әзірлейді.

**1. Ақпараттық жұмыс жоспары мыналарды қамтуы қажет:**

- Жария шарттар жасасу бойынша халықты хабардар ету. Бекітілген тарифтерге сәйкес ТҚҚ жинау және тасымалдау жөніндегі қызметтер үшін ақы төлеу;
- Жергілікті БАҚ-та қалдықтарды қауіпсіз өңдеу тәсілдері туралы жарияланымдар. Жергілікті газеттер мен журналдарда қалдықтарды басқару мәселесі және қалдықтарды дұрыс басқару талаптары туралы халықты оқытуға бағытталған мақалалар жариялау ұсынылады;
- Тұрғын үйлерге тамақ қалдықтарын компосттау туралы брошюраларды тарату;
- Коммуналдық қалдықтарды рұқсатсыз жағудың алдын алу туралы ақпарат;
- Құрамында сынабы бар, электр және электрондық жабдықтардың қалдықтарды, жеке тұрғындарда түзілетін медициналық, құрылыс және ірі габаритті қалдықтарды жинау үшін құрылған, арнайы орындар туралы хабардар ету;
- Кентте және ауылдық округтерде қалдықтармен жұмыс істеу қызметін насихаттау және қоғамдық бақылау мақсатында мектептерде волонтерлік клубтар құру және т. б.

**2. Коммуналдық қалдықтарды тұрақты әкетуді ұйымдастыру**

Ауыл тұрғындарының коммуналдық қалдықтарды шығару бойынша тұрақты қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін мыналар қажет:

- коммуналдық қалдықтарды жинау және әкету үшін мамандандырылған көлікті (4 дана) сатып алу;
- ТҚҚ жинау және тасымалдау жөніндегі компанияларды конкурс (тендер) өткізу арқылы айқындау;
- Жария шарттар негізінде ТҚҚ жинаудың орталықтандырылған жүйесін пайдаланатын жеке тұлғалардың бекітілген тарифтерге сәйкес, қалдықтарды тасымалдау үшін қызметтерге ақы төлеу жүйесін әзірлеу және енгізу;
- ТҚҚ жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму тарифтерін уақтылы және экономикалық негізделген қайта қарау, индекстеу;
- Орталықтандырылған ТҚҚ жинау және әкету жүйесін пайдалану кезінде, конкурс (тендер) нәтижелері бойынша ЖАО айқындаған мамандандырылған ұйымдармен ТҚҚ тасымалдауға міндетті шарт жасасу бойынша, тұрғын үйлерде немесе жеке тұрған ғимараттарда қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалармен профилактикалық жұмыс.

**3. Бөлек жинау жүйесін енгізу үшін келесі шараларды орындау қажет:**

- қатты тұрмыстық қалдықтарды (құрғақ және дымқыл фракциялар) бөлек жинауды енгізу үшін контейнерлерді сатып алу;
- Жалағашауданы бойынша елді мекендердегі қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған контейнер алаңдарын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келтіру;
- Жалағашауданындағы құрамында сынабы бар қалдықтар үшін орналасқан контейнерлерді заң талаптарына сәйкестендіру;
- тұрғындар түзетін ірі көлемдегі және құрылыс қалдықтарын жинау үшін арнайы орындар ұйымдастыру.

**4. Коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату жүйесін дамыту үшін мынадай іс-шаралар орындалатын болады:**

- коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы бойынша зерттеулер жүргізу
- кездесулер және т. б. өткізу арқылы мүмкіндіктер мен қызығушылықтарды анықтау бойынша жергілікті бизнес қоғамдастық өкілдерімен өзара іс-қимылды күшейту.

**5. Полигонды экологиялық тұрғыдан тиімді басқару**

Коммуналдық қалдықтарды қауіпсіз көмуді қамтамасыз ету қоршаған ортаны қорғау үшін маңызды міндет болып табылады. Өйткені, Жалағаш ауданында коммуналдық қалдықтарды өңдеудің басым тәсілі оларды көму болып табылады.

Маңызды стратегиялық міндеттердің бірі үйінділер санын азайту болып табылады және қолданыстағы полигондарды немесе жаңа жоспарланып отырған полигон құрылысын экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкестендіру керек. Қалдықтарды уақытша көму орындарын азайту жоспарлануда:

- Жалағаш кентінде сұрыптау желісі бар ТҚҚ полигонының құрылысы;

Бұл шаралар қалдықтарды басқаруды жақсартуға, қоршаған ортаның ластануын төмендетуге жәәне Жалағаш ауданының жер ресурстарын тұрақты пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған.

Ұсынылған бағдарламаны іске асыруға және белгіленген табиғат қорғау іс-шараларын орындауға арналған қаржылық шығындарды бюджет қаражаты есебінен ҚР ЭК 29-бабына сәйкес жүзеге асыру жоспарлануда. Бұл тетік осы іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту жылының алдындағы үш жыл ішінде жергілікті бюджетке түскен қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлем сомасынан кем емес көлемде қаражатты пайдалануға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асыру бойынша қаржыландыру көлемі Жалағаш ауданында коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы іс-шараларды қаржыландыруға жергілікті атқарушы органдарға бөлінген бюджет қаражатының санына қарай есептелетін және айқындалатын болады.

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаның іске асырылуын бақылауды коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға жауапты ЖАО бірінші басшысының орынбасары тұрақты негізде жүзеге асырады. Бағдарламаның іске асырылуын бақылау іс-шаралар жоспарының орындалуын мониторингтеу негізінде жүзеге асырылатын болады.

Мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді орындау үшін бағдарламаны іскеасыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді, ол төменде келтірілген.

Іс-шаралар жоспары міндеттер мен көрсеткіштер бойынша топтастырылған, мерзімдері мен жауапты орындаушылар көрсетілген. Іс-шаралар жоспары күтілетін нәтижелерге қол жеткізу мақсатында Бағдарламаның барлық жауапты орындаушыларының жұмыстарына кешенді көзқарас пен үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Осылайша, осы Бағдарлама шеңберінде іс-шаралар кешенін іске асыру Жалағашауданында коммуналдық қалдықтарды басқарудың тиімді жүйесін құруға мүмкіндік береді, ТҚҚ жинау, сұрыптау және қайта өңдеу санын ұлғайтады және қалдықтардың қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайтуға мүмкіндік береді, тиісінше аудан мен облыстың нысаналы көрсеткіштерін арттырады.

Жалпы, Бағдарлама Жалағаш ауданы тұрғындарының өмір сүру сапасы мен жағдайын жақсартуға ықпалететін болады.

**Бағдарламаның толық нұсқасы Жалағаш ауданы әкімдігінің ресми сайтында жарияланған**

ПРОЕКТ

## Об утверждении программы по управлению коммунальными отходами по Жалагашскому району на 2024-2028 годы

В соответствии с подпунктом 1) пункта 3 статьи 365 Экологического кодекса Республики Казахстан, подпунктом 15) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и с приказомМинистра экологии и природных ресурсов Республики Казахстан «Об утверждении Методических рекомендаций местным исполнительным органам по разработке программы по управлению коммунальными отходами»от 18 мая 2023 года№ 154-п, Жалагашскийрайонный маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить Программу по управлению коммунальными отходами по Жалагашскому району на 2024-2028 годы согласно приложению к настоящему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Должность** **ФИО**

## ПРОГРАММА ПО УПРАВЛЕНИЮ КОММУНАЛЬНЫМИ ОТХОДАМИ ПО ЖАЛАГАШСКОМУ РАЙОНУ НА 2024-2028 ГОДЫ

Программа по управлению коммунальными отходами Жалагашского района разработана в соответствии со статьей 365 Экологического кодекса Республики Казахстан (далее-ЭК РК) и методическими рекомендациями местных исполнительных органов по разработке программы по управлению коммунальными отходами, приказом Министерства экологии и природных ресурсов РК от 18.05.2023 г. №154-п.

В ходе разработки программы проведен анализ текущего состояния управления коммунальными отходами в Жалагашском районе, выявлены проблемы и разработан комплекс мер, направленных на создание системы управления коммунальными отходами в соответствии с требованиями экологического законодательства.

По итогам анализа текущей ситуации по управлению коммунальными отходами в Жалагашском районе установлено, что население не охвачено сбором и вывозом коммунальных отходов, отсутствует специализированная организация по сбору и вывозу твердых бытовых отходов и необходимая инфраструктура.

Для реализации государственной политики в области обращения с коммунальными отходами программой установлены цели, задачи и показатели.

Целью программы является организация систематического вывоза коммунальных отходов и создание необходимой инфраструктуры для эффективного управления отходами в Жалагашском районе в соответствии с требованиями экологического законодательства.

**Задачи программы:**

1. Повышение осведомленности населения о рациональной системе сбора, утилизации и переработки твердых бытовых отходов, включая раздельный сбор, информирование о профилактике несанкционированного сжигания коммунальных отходов;

2. Организация постоянного вывоза коммунальных отходов;

3. Введение раздельного сбора коммунальных отходов;

4. Развитие системы переработки и утилизации коммунальных отходов;

5.Экологически эффективное управление полигоном.

Повышение осведомленности населения о рациональной системе сбора, утилизации и переработки твердых бытовых отходов, в том числе раздельного сбора.

Осведомленность и поддержка населения имеют решающее значение для организации рациональной и экологически безопасной системы управления коммунальными отходами.

Повышение осведомленности населения о рациональной системе сбора, утилизации и переработки ТБО находится в компетенции местного исполнительного органа района. Работа с населением – это долгосрочный процесс, который необходимо проводить на постоянной основе.

МИО разрабатывает план информационной работы с населением по обращению с коммунальными отходами при проведении работы по информатизации.

**1. Информационный план работы должен включать:**

- Информирование населения по заключению публичных договоров. Оплата услуг по сбору и транспортировке ТБО в соответствии с утвержденными тарифами;
- Публикации в местных СМИ о способах безопасной обработки отходов. Рекомендуется публиковать в местных газетах и журналах статьи, направленные на просвещение общественности о проблеме обращения с отходами и требованиях к надлежащему обращению с отходами;
- Распространение брошюр о компостировании пищевых отходов в жилых домах;
- Информация о профилактике несанкционированного сжигания коммунальных отходов;
- Информирование о специальных местах, созданных для сбора ртутьсодержащих, электрических и электронных отходов оборудования, медицинских, строительных и крупногабаритных отходов, образующихся у частного населения;
- Создание волонтерских клубов в школах с целью пропаганды и общественного контроля деятельности по обращению с отходами в поселке и сельских округах и др.

**2. Организация постоянного вывоза коммунальных отходов**

Для обеспечения доступа жителей села к постоянным услугам по вывозу коммунальных отходов необходимо:

- приобретение специализированного транспорта (4 шт.) для сбора и вывоза коммунальных отходов;
- Определение компаний по сбору и транспортировке ТБО путем проведения конкурса (тендера);
- Разработка и внедрение системы оплаты услуг по транспортировке отходов физическими лицами, использующими централизованную систему сбора ТБО на основе публичных договоров, в соответствии с утвержденными тарифами;
- Своевременный и экономически обоснованный пересмотр, индексация тарифов на сбор, транспортировку, сортировку и захоронение ТБО;
- Профилактическая работа с физическими и юридическими лицами, осуществляющими деятельность в жилых домах или отдельно стоящих зданиях, при использовании централизованной системы сбора и вывоза ТБО, по заключению обязательного договора на перевозку ТБО со специализированными организациями, определенными МИО по результатам конкурса (тендера).

**3. Для внедрения раздельной системы сбора необходимо выполнить следующие мероприятия:**

- приобретение контейнеров для введения раздельного сбора твердых бытовых отходов (сухих и влажных фракций) ;
- Приведение контейнерных площадок для сбора твердых бытовых отходов в населенных пунктах Жалагашского района в соответствие с санитарно-эпидемиологическими требованиями;
- Соответствие требованиям закона контейнеров, расположенных для ртутьсодержащих отходов в Жалагашском районе;
- организация специальных мест для сбора крупногабаритных и строительных отходов, образующихся населением.

**4. Для развития системы переработки и утилизации коммунальных отходов будут выполнены следующие мероприятия:**

- проведение исследований по морфологическому составу коммунальных отходов;
- усиление взаимодействия с представителями местного бизнес сообщества по выявлению возможностей и интересов путем проведения встреч и т.д;
- Усиление взаимодействия МИО со специализированными предприятиями по восстановлению отходов, расположенными в городе Кызылорда.

**5. Экологически эффективное управление свалкой**

Обеспечение безопасного захоронения коммунальных отходов является важной задачей для защиты окружающей среды. Ведь в Жалагашском районе приоритетным способом переработки коммунальных отходов является их захоронение.

Одной из важных стратегических задач является сокращение количества свалок, и существующие полигоны или строительство нового планируемого полигона должны соответствовать экологическим и санитарным требованиям. Планируется сокращение мест временного захоронения отходов:

- Строительство полигона ТБО с сортировочной сетью в поселке Жалагаш;

Эти меры направлены на улучшение управления отходами, снижение загрязнения окружающей среды и обеспечение устойчивого использования земельных ресурсов Жалагашского района.

Финансовые затраты на реализацию предложенной программы и выполнение установленных природоохранных мероприятий планируется осуществлять за счет бюджетных средств в соответствии со статьей 29 ЭК РК. Данный механизм позволяет использовать средства в объеме не менее суммы платы за негативное воздействие на окружающую среду, поступившей в местный бюджет в течение трех лет, предшествующих году разработки и утверждения данного плана мероприятий.

Объемы финансирования по реализации программы будут рассчитываться и определяться исходя из количества бюджетных средств, выделенных местным исполнительным органам на финансирование мероприятий в сфере обращения с коммунальными отходами в Жалагашском районе.

Контроль за реализацией программы по управлению коммунальными отходами осуществляется на постоянной основе заместителем первого руководителя МИО, ответственным за реализацию государственной политики в области управления коммунальными отходами. Контроль за реализацией программы будет осуществляться на основе мониторинга выполнения плана мероприятий.

Для достижения целей и выполнения задач разработан план мероприятий по реализации программы, который приведен ниже.

План мероприятий сгруппирован по задачам и показателям с указанием сроков и ответственных исполнителей. План мероприятий обеспечивает комплексный подход и координацию работы всех ответственных исполнителей программы с целью достижения ожидаемых результатов.

Таким образом, реализация комплекса мероприятий в рамках данной программы позволит создать эффективную систему управления коммунальными отходами в Жалагашском районе, увеличит количество сбора, сортировки и переработки ТБО и позволит минимизировать негативное воздействие отходов на окружающую среду, соответственно, повысит целевые показатели района и области.

В целом программа будет способствовать улучшению качества и условий жизни жителей Жалагашского района.

**Полная версия программы опубликовано на официальном сайте акимата Жалагашского района**

Сақтансаң, сақтайды



# Сіріңке ойыншық емес

**Жылу мен жарық көзін беретін сіріңке – адамдардың тұрмысында қолданылатын жай зат. Бірақ кейде тұрғындар оны дұрыс мақсатта қолданбай жатады. Балалар сіріңкені алғаш рет қолына алған кезде оның не екенін білмейді. Өйткені ата-анасы сіріңкені балалардың қолдары жетпейтін орындарда сақтау ережелерін жиі бұзады. Сөйтіп бала қолындағы жағылған сіріңке қандай қауіпке әкелуі мүмкін екеніне мән бере бермеген соң, оқыс оқиға орын алады.**

**Құрметті ата-аналар!**

Есте сақтаңыздар, балалардың психологиялық қорғану реакциялары жоқ. Олар отпен ойнаудың зиянын біле қоймайды. Өрт кезінде бөлмеден шыға алмайды. Шет жерлерде және бөлмелердің бұрыштарына тығылады. Балаларға отпен ойнау өте қауіпті екенін түсіндіріңіздер.

Сіріңке ойнауға арналмаған. Ол – өмір қағидасы. Бәріміз осы қағиданы балаларымызға жеткізейік.

**Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі**

Сараптама



# Алаяқтар айылын жияр емес

**Технологияның қарыштап дамуы мен интернеттің кең қолданысының таралуына байланысты интернет алаяқтық тек елімізде ғана емес, әлемдік күрделі мәселеге айналды. Ғылыми тілде мұны «Ақпараттық жүйені пайдаланып жасалатын алаяқтық» деп атайды екен. Бүгінде халықтың көпшілігі, яғни оң-солын танып үлгермеген жастар мен ақыл тоқтатқан ересек кісілердің де интернетке жіпсіз байланғанын ескерсек, алаяқтардың сол маңды торуылдайтыны түсінікті жайт. Сондай-ақ елімізде құмар ойындар мен бәс тігуге құмартқан азаматтар қатары артқан. Салдарынан қаншама отандасымыз қарызға белшесінен батып, тағдырына балта шауып жатыр.**

### Интернет-алаяқтық түрленген

Алаяқтық дегеніміз – баяғы заманнан бері адамзат баласымен бірге жасап келе жатқан қылмыстардың бірі. Ол қоғамның жағдайына байланысты түрленіп, дамып, жаңа сипатта көрініс беріп жатады. Соған орай алаяқтықтың бүгінгі таңдағы жаңа бір сипаты ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты өмірге келген интернет-алаяқтық болып отыр және оның түрлері де күн өткен сайын кең таралып, көбейіп келеді. Интернет-алаяқтық деп ақпараттық жүйені пайдалану арқылы бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді айтамыз. Яғни бұл жерде қылмыскер компьютер, смартфон, планшет секілді заманауи құралдардың көмегімен интернет арқылы адамдарды алдап-арбап, олардан ақша бопсалау, мүлкін жымқыру секілді жымысқы әрекеттерге барады.

Ғаламторды торуылдайтын алаяқтар дәстүрлі алдау қағидаларын ұстанғанымен, олардың ерекше сипаттары да бар. Мәселен, олар интернетті пайдаланатындықтан, халықаралық деңгейде таралуымен ерекшеленеді. Яғни бір елде отырып, екінші елдегі адамдарды алдап-арбай беретін шекара талғамау сипаты бар. Екіншіден, интернет-алаяқтар жасырын болып келеді. Яғни олар жалған жеке және заңды тұлғалардың атынан жиі әрекет етеді.

Жалпы елімізде жиі кездесетін алаяқтық түрлеріне интернет-дүкенмен байланысты алаяқтықтар, интернет-казино құмар ойындары, фишинг, интернет арқылы қайыр сұрау, телефоналаяқтық, SMS-алаяқтық және интернет-банкинг арқылы жасалатын қылмыстар жатады.

Түсінікті болу үшін нақты мысалдарға тоқталсақ, мәселен, қазіргі таңда адамдардың көпшілігі кез келген затты сату немесе алу үшін арнайы сайттарды пайдаланады.

### Алаяқтан айла ауысқан ба?

Жақында мынадай бір оқиға болған. Бір адам өзінің автокөлігін сату үшін арнайы сайтқа хабарландыру береді. Көп өтпей оған біреу хабарласып, «Маған сіздің көлігіңіз ұнап тұр. Сатып алайын деп едім» дейді. «Жақсы, келіп көруіңізге болады» дейді көлік сатушы. Бірақ алаяқ «Мен барғанша сатып жібермейсіз бе? Мен Ресейде едім. Сізге барам дегенше 2-3 күн өтеді. Сондықтан сізге 100 мың теңге кепілақы беріп қояйын. Сөйтіп, мен алып кеткенше сатпай ұстап тұрсаңыз» дейді. Клиенттің табыла кеткеніне қуанған бұл адам да көп ойланбастан оған банк картасының нөмірін береді. Сәл уақыттан кейін қайта телефон шалған сатып алушы «Мен сізге ақша аудардым. Қазір сізге бір хабарлама келуі тиіс. Сол хабарламадағы сандарды маған айтып жіберсеңіз, сізге ақша түседі» деп құйтырқы ісін жүзеге асырады.

Негізі интернет-банкингте түрлі операцияларды орындағанда банк құпия код жібереді де, астында «Ешкімге бермеңіздер» деп жазып қояды. Бірақ бұл кісі келген кодты айта салып, алаяққа алданып, сан соғып қалған. Өйткені осы код арқылы әлгі адамның интернет-банкингіне кіріп, оның есеп-шоты бойынша кез келген операцияны жасай беруге болады. Міне, бейқамсыздықтың, қаржылық сауатсыздықтың салдарынан қаншама азамат алаяқтардың қақпанына оңай түсуде.

### Интернет-алаяқтар 17,5 млрд теңгеден астам шығын келтірген

Нақты статистикаға тоқталсақ, елде соңғы жеті жылда интернет-алаяқтық саны 10 есеге, яғни екі мыңнан 20 мың қылмысқа дейін өскен. Биылдың өзінде интернет-алаяқтар азаматтарға 17,5 млрд теңгеден астам шығын келтірген. Сондай-ақ полицейлер бұрын жасаған тағы 328 қылмыстың бетін ашқан. Еркін айналымда жүрген, әрі тыйым салынған 485 бірлік өнімнің тәркіленгені тағы бар.

### 278 мыңнан астам қоңырау бұғатталған

Арнайы органдармен жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде былтыр үш мыңнан астам интернет-алаяқтық жасаған 828 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Сонымен қатар былтырдан бастап ел тұрғындарының стационарлық телефондарына келіп түсетін халықаралық қоңырауларды анықтау және бұғаттау жүйесі іске қосылды. Жүйе іске қосылған сәттен бері 278 мыңнан астам қоңырау бұғатталған. Сондай-ақ қарыз алу рәсімдері sms арқылы растау және биометрия жүйесімен күшейтілген.

Алаяқтардың құрығына несиеге немесе қарызға ақша іздеген азаматтар жиі түсіп жатады. Сондай-ақ құмар ойындарға бой алдырған азаматтар да алаяқтардың оңай олжасына айналған. Өйткені қаржысына бәс тігіп, қарызға белшесінен батқандар интернет займ мекемелеріне жиі жүгінеді. Міне, заңсыз әрекеттер бір-бірімен моншақтай байланысып жатыр.

### Банк қызметкерлері де қылмысқа барған

Бір қуантарлығы, Қаржылық мониторинг агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департамент қызметкерлері жедел іздестіру іс-шараларын өткізу барасында заңсыз ақша жымқырғандар мен заңсыз ойын ұйымдастырумен айналысқан бірқатар азаматтың жолын кескен.

Департамент екінші деңгейлі банктердің бірінің филиалы кассир-бақылаушысына қатысты сеніп тапсырылған бөтен мүлікті өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, аса ірі мөлшерде ақшалай қаражатты жымқыру дерегі бойынша ҚР ҚК-нің 189-бабы 4-бөлігінің 2-тармағымен қылмыстық істі тергеген болатын.

Нақтырақ айтқанда, 2019 жылдың желтоқсан айынан 2023 жылдың қаңтар айына дейінгі аралықта банк бөлімшесінің кассир-бақылаушысы материалдық жауапты тұлға бола отыра, бейнебақылау жүйесі қамтымайтын жерді біле тұра, қайта есептеу кассасынан ақша қаражатын жүйелі түрде жымқырып келген.

Сондай-ақ оның банкоматтарға салуға арналған кассеталарға ақшаны толық салмай келгені анықталды. Қазіргі уақытта күдіктіге қатысты сот ісі аяқталды. Күдікті Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 189-баптың 4-бөлігінің 2-тармағымен кінәлі деп танылып, 7 жыл бас бостандығынан айырылды. Жазасын орташа қылмыстық атқару жүйесі мекемесінде өтейтін болады.

### Заңсыз құмар ойын ойнатқан

Мұнан бөлек 1994 жылы туған азаматтар наурыз айында қала орталығынан пәтерді жалға алып, интернет желісімен интернет-казино қызметін жүзеге асыратын «Superomatic» бағдарламалық қамтылым көмегімен интернет-казино құмар ойындарын іске қосып, бәс тігу арқылы ойыншыларға құмар ойын ойнатқан. Тергеу барысында 8 жүйелік блок, 8 компьютер мониторы, 1 бейнетіркеуіш, 1 модем, 6 ұялы телефон және кассадан жалпы құны 23 мың теңге тәркіленген.

Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасында белгіленген орындардан тыс құмар ойындарын ұйымдастырып және өткізіп, заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қос азаматқа ҚК-нің 307-бабы 2-бөлігі 2-тармағымен мүлкін тәркілеусіз 2 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеу және 100 сағат мәжбүрлі еңбекке тарту жазасы тағайындалған.

**Түйін:** Алаяқтарға тап болсаңыз, дереу полиция бөлімшесіне хабарлаңыз. Дер кезінде жазылған арыз кейін үлкен қылмыстың алдын алуы мүмкін. Яғни тек өзіңізді ғана емес, өзіңіз секілді жағдайды басынан өткеруі мүмкін азаматтарды да ойлау маңызды. Бастысы, алаяқтар күмәнді әрекеттерді орындауға ешкімді күштеп мәжбүрлемейді. Сондықтан әрқайсысымыз өз қадамымызды абайлап басқанымыз абзал.

**Жандос ЖАЗКЕН**

Дода



# Ардагерлер спорттық сайыста бақ сынады

**Қарттарымыз өңір өміріне белсене араласуда. Жас ұрпаққа дұрыс бағыт-бағдар көрсетуде олардың өнегелі істері маңызды. Осы орайда XII аудандық ардагерлер спартакиадасы өтті. Ардагерлер арасындағы дәстүрлі спартакиадаға кент және ауылдық округтерден 120-ға жуық ардагер қатысты.**

Салауатты өмір салтын ұстанған ардагерлер арасындағы спорттық сайысты аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов ашып, жарыстың маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Салауатты өмір салтын орнықтыруда спорттың маңызы зор. Сіздер жастарға үлгі болып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға зор үлес қосып келесіздер. Бүгінгі спартакиада – осындай игі істердің дәлелі. Сіздерді өмірде әрқашан азаматтық пен адамгершіліктің үлгісі, үлкенге құрмет, кішіге қамқор бола білген азамат ретінде танимыз. Сіздерді бұдан әрі де арамызда ақылшы, кеңесші бола жүріп, еліміздің игілігі үшін қоғам өміріне белсене араласады деп сенемін. Барлық қатысушыларға және ұйымдастырушыларға алғысымды білдіре отырып, спартакиаданы ашық деп жариялаймын. Бәріңізге сәттілік тілеймін, – деді Ғани Сүлейменов.

Дүбірлі доданы өткізудегі басты мақсат аудан тұрғындарының салауатты өмір-салтын қалыптастыра отырып, бұқаралық спорттың дамуына ықпал жасау болып табылады.

Жарыстың маңыздылығына тоқталған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев алғаш 60 адамға жуық қатысушымен басталған бұл спорттық бәсеке бүгінде үлкен маңызға ие болып, қатысушылар саны үш есеге артқанын айтты.

Тартысты өткен спорттық сайыстың нәтижесімен командалық есеп бойынша I орынды Мәдениет ауылдық округі иеленсе, II орынды аудан орталығының ардагерлері еншіледі. Ал III орынды Қаракеткен ауылдық округінің қариялары жеңіп алды. Жарыс жеңімпаздары арнайы дипломдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

**«ЖЖ» ақпарат**



Түйткіл

# «Халал» өнімдерге сұраныс артқан



**Дүкенге азық-түлік сатып алуға бара қалсақ, сатушыдан «Мынау өнім халал ма?» деп сұрай жөнелетіндер бар. Жалпы халал ұғымы денсаулыққа зиянсыз өнімдер мен қызметтерді білдіреді. «Халал тағам» дегенде оның құрамында тек шошқа етінің болмауын ғана білдіру шарт емес. Осыған сәйкес Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті қабылдаған стандарттарда біраз шаралар кешені қарастырылған.**

Бүгінде халал өнімдерге деген сұраныс әлемнің мұсылман емес тұрғындары арасында да арта түскенін байқауға болады. Алайда қазір дүкен сөрелерінде құрамында шошқа еті, жануарлардың қаны мен ГМО бар өнімдер қаптап кеткен. Жалпы «халал» белгісі бар өнімдерде канцерогенді, түрлі зиянды консерванттар мен тағамдық қоспаларға тыйым салынған. Күнделікті өмірде пайдаланатын тағамдар мен тұтынатын заттарына жіті көңіл бөлетін сатып алушылар сапаның бірінші кезекте тұруын талап етеді. Сондықтан «халал» белгісі сапа мен қауіпсіздіктің синониміне айналған деуге болады.

Дүниежүзінде халал азық-түлік нарығы бүгінде 1,5 млрд доллардан 2,2 млрд долларға дейін бағаланады. Сарапшылардың зерттеуі бойынша, бұл көрсеткіш 2028 жылы 4,1 млрд долларға дейін ұлғаяды деп күтіледі. Сонымен қатар әлемдегі мұсылман халқының өсу факторына сәйкес, 2025 жылға қарай аталған өнімнің үлесі өндірілетін барлық өнімнің кем дегенде 20 пайызын құрауы мүмкін.

Елімізде осы өнім түрін өндіретін 4 мыңнан астам кәсіпорын бар. Адам азғасына қауіпсіз, тексерістен өткен, сертификаты бар өнімге деген сұраныстың артуы отандық халал өнімдердің экспорттық мүмкіндігін ұлғайтып отыр. Бізде бұл өнімді дамытуға мемлекеттік деңгейде 18 ұлттық стандарт, ТМД елдері үшін мемлекетаралық стандарттың 11 жобасы әзірленген. Онда мал сою, туризм, қызмет көрсету, сертификаттау жөніндегі органдардың жұмыстарына байланысты талаптарды қамтыған.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы «Халал даму» орталығы, «ҚазСтандарт» республикалық кәсіпорны, «Қазақстан халал индустриясы» қауымдастығы мен «Halal Quality Center» ЖШС халал сертификатын берумен айналысады. Былтыр бірінші жартыжылдықта халал ет және ет өнімдері 83 млн долларға, ал жануарлар мен өсімдіктерден алынатын дайын азық-түлік тауарлары 2,7 млрд доллар шамасында экспортқа шығарылған. Бұл көрсеткіш биыл 122 млн долларға немесе шамамен 5 пайызға өскен.

Техникалық реттеу және метрология комитетінің мәліметінше, еліміздің тамақ өнімдеріне бірыңғай техникалық регламент бойынша 100-ден астам аккредиттелген зертхана жұмыс істейді. Оның 37-сі компоненттердің, соның ішінде шошқа етінің ДНҚ-сын анықтайды. Сертификаттау ерікті негізде жүргізілетініне қарамастан, аталған ұйымдар соңғы 10 жыл ішінде шұжық, ұн, кондитерлік өнім, сусын, жартылай фабрикат, сүт және бал өндіретін отандық кәсіпорындарға 1300-ден астам сертификат берген. Сарапшылардың бағалауынша, бүгінде ет өнімдерінің 70 пайызы және тауарлар мен қызметтер негізгі нарығының 65 пайызы өздерін халал ретінде көрсетеді.

Біздің халал өнімдер Еуроодақ, АҚШ пен Қытай елдері арасында жоғары сұранысқа ие. Сонымен бірге Түркия, Иран, Ресей, Орталық Азия елдеріне экспорттау белсенді жалғасып келеді. Алайда тұтынушылар арасында халал өніміне күмәнмен қараушылар да жеткілікті. Сертификатты оңды-солды таратушы компаниялардың да, «халал» белгісін өздігінен өнімдерге жабыстыра беретін өндірушілердің де бар екенін жоққа шығаруға болмайды.

Денсаулық сақтау министрлігінің ресми мәліметінше, 2015 жылдан 2022 жыл аралығында іріктелген 1 406 өнімнің 3-4 пайызынан шошқа етінің компоненттері табылған. Сондықтан сарапшылар жалған халал заттарға ұрынып қалмау үшін өнімге мұқият мән беруге, тек халал өнімдерін сататын мамандандырылған дүкендерге баруға кеңес береді.

Сондай-ақ бүгінде мал етін сатушылар өлген малды да жіліктеп, халыққа өткізетінін жиі еститін болдық. Иә, сатушылардың мұндай харам әрекетін халыққа бағытталған қастандық деуге де болады. Сондықтан ұрпағымыздың дені сау болсын десек, әсіресе сатушылар ар-ұятқа ерекше мән берсе екен.

**Жандос МАХМҰТҰЛЫ**

**Газетіміздің келесі саны 30 тамыз, жұма күні шығады.**

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

*Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.*

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1347

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ерлан СОЗАҚБАЕВ